6В02102 - «Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламасы

1. Бағдарлама Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» шығармашылық емтихандарды өткізу тәртібін айқындайтын оқуға қабылдаудың үлгі ережелері негізінде әзірленген.

2. 6В02102 - «Хореография» білім беру бағдарламасы бойынша шығармашылық емтихандар талапкерлердің шығармашылық бағытта бағдарламаны меңгеру қабілеттерін анықтауға бағытталған.

3. Шығармашылық емтихандар бидің композициялық сауаттылығы мен орындау шеберлігіне сүйене отырып анықтау, қайталау құрылымын түсіндіру бойынша өткізіледі.

4. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

Шығармашылық дайындықты қажет ететін білім беру бағдарламаларының топтарына түсетін тұлғалар Қазақстан тарихы және Оқу сауаттылығы (оқыту тілі) бойынша ҰБТ тапсырады.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар талапкерлер екі шығармашылық емтихан тапсырады, әрбір емтихан 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша талапкерлер үшін бір шығармашылық емтихан тапсырады, ол 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Бағалау критериясы:

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар талапкерлер бір шығармашылық емтиханның максималды балл саны – 45. Шығармашылық бағдарламаларға түсетін азаматтар үшін ҰБТ-ның екі пәні бойынша: Оқу сауаттылығы (қазақ немесе орыс тілі),

Қазақстан тарихы және екі шығармашылық емтихан баллдары есепке алынады.

Оқу сауаттылығы (20) + Қазақстан тарихы (15) + 1 шығармашылық емтихан (45) + 2 шығармашылық емтихан (45) = 125 (ең жоғары балл).

Қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары оқу орындарының кадрларын даярлаудың тиісті бағыттары бойынша талапкерлер үшін шығармашылық емтиханның максималды балл саны – 20. КТ-ның арнайы пәні бойынша-50.

Шығармашылық емтихан (20) + КТ-ның арнайы пәні бойынша (50) = 70 (ең жоғары балл).

5. Емтихан ЖОО (білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысу үшін) қабылданады.

6. Шығармашылық емтиханды қабылдау үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен пәндік комиссия мүшелері құрылады.

7. Шығармашылық емтиханды қабылдау Д.Әбіров атындағы хореографиялық залында өтеді.

8. Талапкер толығымен биге арналған формамен жабдықталған (купальник, юбка, балет аяқ-киімі (чешки), халық-сахналық аяқ киім);

9. Емтиханға кіру үшін міндетті түрде жеке куәлік болуы қажет.

І шығармашылық емтихан

Тапсырма:

- Екі би композициясын көрсету: 1) қазақ биі, 2) өз таңдауымен (классикалық биі, халық биі, қазіргі заман би)

- Бидің мәтінін, орындаушылық қабілеттерін, мәнерін көрсете білуі;

Критерийлер:

ІІ шығармашылық емтихан

Тапсырма:

-Талапкердің музыкалық және ырғақтық қабілетін тексеру;

- Физикалық қабілеттерін (иілімділігі, дене бітімінің дұрыс қалыптасуы, координация)

-Өнер, хореография салалары бойынша жалпы түсініктерінің болуы.

Критерийлер:

Шығармашылық емтихан (қысқартылған оқу мерзімі)

Тапсырма:

- Кәсіби білімін тексеру;

- Бір би композициясын көрсету.

- Отандық және шетелдік хореография сұрақтары.

В028 - Хореография білім беру бағдарламасы бойынша
(күндізгі оқу бөлім түріне тапсыратын талапкерлер үшін)

№	Емтихан баллы	Шығармашылық емтиханға негіздеме	
		I шығармашылық емтихан	**II шығармашылық емтихан**
1	**45-40**	- би қойылым көрсету барысында орындаушының жоғары деңгейде орындауы; - музыкалық сауаттылығы және қимылмен үйлесімділігін тапқан; - билердің ұлттық нақышында орындалуы; - орындау шеберлігі жоғары денгейде;	- жақсы есту қабілеттілігі және ырғақтың жоғарлығы; - сұрақтарға дұрыс жауаптар.
2	**39-29**	- бір би көрсету; - би композициялық дұрыс қойылған; - биде ұлттық нақыш сақталған; - биді жақсы деңгейде орындау; - бірақ биде фольклор жоқ.	- есту, ырғақтың болуы; - сұрақтарға нақты жауаптардың толық болмауы.
3	**28-18**	- биді орындау деңгейінің жеткіліксіздігі; - ұлттық сипаты мен орындау мәнері жоқ.	- есту қабілетінің болуы, ырғағы жеткіліксіз дамыған; - сұрақтарға дұрыс емес жауаптар.

4	**17-5**	- үйлестірудің болмауы; - музыкалық орындау төмен деңгейде.	- сұрақтарға дұрыс емес жауаптар; - ырғақ сезімінің болмауы.
5	**4-0**	қабылданбайды	қабылданбайды

B028 - Хореография білім беру бағдарламасы бойынша

(3 жылдық күндізгі оқу бөлім түріне тапсыратын талапкерлер үшін)

№	**Емтихан баллы**	**Шығармашылық емтиханға негіздеме**
1	**20-15**	- би композицияларын көрсету; - музыкалық сауатты құрылған; - биде ұлттық нақыш сақталған; - дағдыларды жоғары деңгейде орындау.
2	**14-10**	- би көрсету; - музыкалық сауатты құрылған; - биде ұлттық нақыш сақталған; - биді жақсы деңгейде орындау, бірақ биде фольклор жоқ.
3	**9-5**	- биді орындау деңгейінің жеткіліксіздігі; - ұлттық сипаты мен орындау мәнері жоқ.
4	**4-0**	- үйлестірудің болмауы; - музыкалық орындау төмен деңгейде.